БЕКІТЕМІН
“Нұр-Бала” бөбекжай-бақша” ЖШС
меңгерушісі _____Ж.М Сапарбаева

“Нұр-Бала”
БӨБЕКЖАЙ-БАҚША
БСН/БИН
171240010476

“Нұр-Бала” бөбекжай-бақша”
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
2025–2026 оқу жылына арналған
өндірістік кеңес отырысының жоспары

“Нұр-Бала” бөбекжай-бақша” жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
2025–2026 оқу жылына арналған
өндірістік кеңес отырысының жоспары

Тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
Өндірістік жиналыс №1 Күн тәртібінде: 1. Бала өмірін қорғау мен денсаулығын сақтау бойынша қызметкерлерге нұсқау жүргізу. 2. Ата-аналарға арналған ақпараттық-көрнекілік материалдардың орналастырылуын тексеру. 3. Ас блогының санитариялық талаптар мен ережелерге сәйкестігін тексеру (жедел тексеру). 4. Топтардың санитариялық жағдайы мен тазалық талаптарының сақталуын бақылау. 5. Қызметкерлердің еңбек тәртібі мен лауазымдық міндеттерін сақтауын қарастыру.	Қазан.	Меңгеруші Ж.М Сапарбаева Шаруашылық меңгерушісі М. Байтасов Әдіскер А.С Карибаева Медбике Н.Н Шушлебина
Өндірістік жиналыс №2 Күн тәртібінде: 1. Өрт қауіпсіздігі ережелері бойынша қызметкерлерге нұсқау жүргізу. 2. Өрт қауіпсіздігіне жауапты тұлғаларды бекіту. 3. Балалардың дұрыс тамақтануын ұйымдастыру сапасын бақылау. 4. Ас блогындағы тағамдардың дайындалуы мен сақталу талаптарын тексеру. 5. Қысқы кезеңдегі ғимараттың жылу режимі мен қауіпсіздігін бақылау. 6. Қысқы мерекелік іс-шараларды қауіпсіз өткізуге дайындық	Желтоқсан	Меңгеруші Ж.М Сапарбаева Шаруашылық меңгерушісі М. Байтасов Әдіскер А.С Карибаева Медбике Н.Н Шушлебина
Өндірістік жиналыс №3 Күн тәртібінде: 1. Медицина қызметкерінің жарты жылдықта атқарған жұмыстарының қорытындысы. 2. Тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау және аурушаңдықтың алдын алу жұмыстары. 3. Ас блогының санитариялық талаптар мен ережелерге сәйкестігін тексеру (жедел тексеру). 4. Бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау жүргізу.	Наурыз	Меңгеруші Ж.М Сапарбаева Шаруашылық меңгерушісі М. Байтасов Әдіскер А.С Карибаева

5. Көктемгі серуен кезіндегі қауіпсіздік талаптарын сақтау. 6. Өрт және төтенше жағдайлардың алдын алу жұмыстары.|		Медбике Н.Н Шушлебина
Өндірістік жиналыс №4 Күн тәртібінде: 1. Жедел тексеру. Еңбек қызметтерін ұйымдастыру және барлық топтардың санитариялық жағдайын бақылау. 2. Топтардағы сауықтыру-шынықтыру жұмыстарының жүргізілуін тексеру және қорытындылау. 3. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық жұмыстарын ұйымдастыру. 4. Ойын алаңдары мен балабақша аумағының қауіпсіздігін тексеру. 5. Ғимараттың санитариялық жағдайын және жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру. 6. Қызметкерлердің жазғы кезеңдегі еңбек қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық жүргізу.	Мамыр	Меңгеруші Ж.М Сапарбаева Шаруашылық меңгерушісі М. Байтасов Әдіскер А.С Карибаева Медбике Н.Н Шушлебина

«Нұр-Бала» бөбекжай-бақша» ЖШС
ӨНДІРІСТІК КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ №1 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: «7» қазан 2025 жыл
Қатысқандар: Меңгеруші, әдіскер, медбике, шаруашылық меңгерушісі, педагогтер және балабақша қызметкерлері.

Күн тәртібінде:

1. Бала өмірін қорғау мен денсаулығын сақтау бойынша қызметкерлерге нұсқау жүргізу.
2. Ата-аналарға арналған ақпараттық-көрнекілік материалдардың орналастырылуын тексеру.
3. Ас блогының санитариялық талаптар мен ережелерге сәйкестігін тексеру.
4. Топтардың санитариялық жағдайы мен тазалық талаптарының сақталуын бақылау.
5. Қызметкерлердің еңбек тәртібі мен лауазымдық міндеттерін сақтауын қарастыру.

1-мәселе бойынша
Тыңдалды: Меңгеруші Сапарбаева Ж.М. қызметкерлерге балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, қауіпсіздік ережелерін сақтау, жарақаттанудың алдын алу және балаларды қараусыз қалдырмау жөнінде нұсқау берді.
Қаулы: Қауіпсіздік талаптары барлық қызметкерлер тарапынан қатаң сақталсын.

2-мәселе бойынша
Тыңдалды: Әдіскер Карибаева А.С. ата-аналарға арналған ақпараттық бұрыштардың мазмұны мен көрнекілік материалдардың жаңартылуын тексеру қажеттігін атап өтті. Ақпараттардың түсінікті әрі қолжетімді орналасуына назар аударды.
Қаулы: Ақпараттық бұрыштар уақытылы жаңартылып, көрнекілік материалдар толықтырылсын.

3-мәселе бойынша
Тыңдалды: Медбике Шушлебина Н.Н. ас блогының санитариялық жағдайын жедел тексеру барысында тазалық, азық-түлікті сақтау, тағам дайындау талаптары мен қызметкерлердің жеке бас гигиенасын сақтау мәселелеріне тоқталды.
Қаулы: Ас блогында санитариялық талаптардың сақталуы тұрақты бақылауға алынсын.

4-мәселе бойынша
Тыңдалды: Шаруашылық меңгерушісі Байтасов М. топ бөлмелерінің тазалығы, желдетілуі, ойыншықтардың тазартылуы және санитариялық талаптардың орындалуы туралы баяндады.
Қаулы: Топтарда тазалық жұмыстары күнделікті жүргізіліп, санитариялық талаптар сақталсын.

5-мәселе бойынша

Тыңдалды: Меңгеруші Сапарбаева Ж.М. қызметкерлердің еңбек тәртібін сақтау, жұмысқа уақытылы келу, лауазымдық міндеттерін жауапкершілікпен орындау қажеттігін ескертті.

Қаулы: Барлық қызметкерлер ішкі еңбек тәртібі мен лауазымдық міндеттерін қатаң сақтасын.

Өндірістік кеңес төрайымы: _____ Сапарбаева Ж.М.

Хатшы: _____ Шортанова Ж,К.

«Нұр-Бала» бөбекжай-бақша» ЖШС
ӨНДІРІСТІК КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ №2 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: «2» желтоқсан 2025 жыл
Қатысқандар: Меңгеруші, әдіскер, медбике, шаруашылық меңгерушісі, педагогтер және балабақша қызметкерлері.

Күн тәртібінде:

1. Өрт қауіпсіздігі ережелері бойынша қызметкерлерге нұсқау жүргізу.
2. Өрт қауіпсіздігіне жауапты тұлғаларды бекіту.
3. Балалардың дұрыс тамақтануын ұйымдастыру сапасын бақылау.
4. Ас блогындағы тағамдардың дайындалуы мен сақталу талаптарын тексеру.
5. Қысқы кезеңдегі ғимараттың жылу режимі мен қауіпсіздігін бақылау.
6. Қысқы мерекелік іс-шараларды қауіпсіз өткізуге дайындық.

1-мәселе бойынша
Тыңдалды: Меңгеруші Сапарбаева Ж.М. қызметкерлерге өрт қауіпсіздігі ережелері, өрттің алдын алу шаралары, төтенше жағдай кезіндегі әрекеттер және эвакуация тәртібі бойынша нұсқау жүргізді.
Қаулы: Барлық қызметкерлер өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтасын.

2-мәселе бойынша
Тыңдалды: Меңгеруші өрт қауіпсіздігіне жауапты тұлғаларды бекіту қажеттігін атап өтті. Өрт сөндіру құралдарының жарамдылығы мен эвакуациялық жолдардың ашық болуын бақылау тапсырылды.
Қаулы: Өрт қауіпсіздігіне жауапты тұлғалар бұйрықпен бекітіліп, бақылау жұмыстары жүйелі жүргізілсін.

3-мәселе бойынша
Тыңдалды: Медбике Шушлебина Н.Н. балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес дұрыс және құнарлы тамақтануын ұйымдастыру, ас мәзірінің орындалуы, тағам сапасы мен тамақтану тәртібін сақтау туралы баяндады.
Қаулы: Балалардың тамақтану сапасы мен ас мәзірінің орындалуы тұрақты бақылауға алынсын.

4-мәселе бойынша
Тыңдалды: Шаруашылық меңгерушісі Байтасов М. және медбике ас блогындағы тағамдарды дайындау, сақтау мерзімі, азық-түліктің сапасы мен санитариялық талаптардың орындалуын тексеру қажеттігін атап өтті.
Қаулы: Ас блогында тағам дайындау және сақтау талаптары қатаң сақталсын.

5-мәселе бойынша
Тыңдалды: Шаруашылық меңгерушісі Байтасов М. қысқы кезеңде ғимараттың жылу жүйесін, бөлмелердегі температуралық режимді, терезе-есіктердің жағдайын және электр құралдарының қауіпсіздігін бақылау туралы ақпарат берді.
Қаулы: Ғимараттың жылу режимі мен қауіпсіздігі күнделікті бақылауда болсын.

6-мәселе бойынша

Тыңдалды: Әдіскер Карибаева А.С. қысқы мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру, мерекелік безендірулердің қауіпсіздігі, балалардың сахналық киімдері мен қолданылатын құралдардың жарамдылығы туралы ұсыныстарын білдірді.

Қаулы:

1. Мерекелік іс-шаралар бекітілген жоспарға сәйкес өткізілсін.
2. Іс-шара барысында балалардың қауіпсіздігі толық қамтамасыз етілсін.
3. Мерекелік безендіру кезінде өрт қауіпсіздігі талаптары сақталсын.

Өндірістік кеңес төрайымы: _____ Сапарбаева Ж.М.

Хатшы: _____ Шортанова Ж,К.

«Нұр-Бала» бөбекжай-бақша» ЖШС
ӨНДІРІСТІК КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ №3 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: «2» наурыз 2026 жыл
Қатысқандар: Меңгеруші, әдіскер, медбике, шаруашылық меңгерушісі, педагогтер және балабақша қызметкерлері.

Күн тәртібінде:

1. Медицина қызметкерінің жарты жылдықта атқарған жұмыстарының қорытындысы.
2. Тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау және аурушаңдықтың алдын алу жұмыстары.
3. Ас блогының санитариялық талаптар мен ережелерге сәйкестігін тексеру.
4. Бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау жүргізу.
5. Көктемгі серуен кезіндегі қауіпсіздік талаптарын сақтау.
6. Өрт және төтенше жағдайлардың алдын алу жұмыстары.

1-мәселе бойынша

Тыңдалды: Медбике Шушлебина Н.Н. бірінші жартыжылдықта атқарылған медициналық жұмыстар бойынша есеп берді. Балалардың денсаулық жағдайын бақылау, күнделікті сүзгі жүргізу, профилактикалық шаралар мен медициналық құжаттамаларды жүргізу жұмыстарына тоқталды.

Қаулы:

1. Медициналық жұмыстың жартыжылдық қорытындысы назарға алынсын.
2. Балалардың денсаулығын бақылау жұмыстары жалғастырылсын.

2-мәселе бойынша

Тыңдалды: Медбике балалар арасында жұқпалы аурулардың алдын алу, жеке бас гигиенасын сақтау, бөлмелерді желдету және сауықтыру шараларын ұйымдастыру туралы түсіндірді.

Қаулы:

1. Аурушаңдықтың алдын алу шаралары жүйелі жүргізілсін.
2. Балалардың денсаулық жағдайы тұрақты бақылауда болсын.

3-мәселе бойынша

Тыңдалды: Медбике Шушлебина Н.Н. ас блогының санитариялық жағдайына жедел тексеру жүргізу қажеттігін атап өтті. Азық-түлікті сақтау, тағам дайындау технологиясы, ыдыстардың тазалығы және қызметкерлердің жеке гигиенасы қарастырылды.

Қаулы:

1. Ас блогында санитариялық талаптардың сақталуы қадағалансын.
2. Анықталған кемшіліктер уақытылы жойылсын.

4-мәселе бойынша

Тыңдалды: Меңгеруші Сапарбаева Ж.М. қызметкерлерге бала өмірі мен денсаулығын қорғау, балаларды қараусыз қалдырмау, жарақаттанудың алдын алу және қауіпсіздік ережелерін сақтау бойынша нұсқау жүргізді.

Қаулы:

1. Барлық қызметкерлер қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтасын.
2. Балалардың өмірі мен денсаулығына жауапкершілікпен қарау міндеттелсін.

5-мәселе бойынша

Тыңдалды: Әдіскер Карибаева А.С. көктемгі серуен кезінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ойын алаңдарының жағдайын тексеру, ауа райына сәйкес киіндіру және серуен барысында балаларды үнемі бақылау қажеттігін ескертті.

Қаулы:

1. Серуен кезінде қауіпсіздік ережелері сақталсын.
2. Ойын алаңдарының тазалығы мен қауіпсіздігі тексерілсін.
3. Балалар қараусыз қалдырылмасын.

6-мәселе бойынша

Тыңдалды: Шаруашылық меңгерушісі Байтасов М. өрт және төтенше жағдайлардың алдын алу, электр құралдарының жарамдылығын тексеру, эвакуациялық жолдарды бос ұстау және өрт сөндіру құралдарының дайындығын бақылау туралы баяндады.

Қаулы:

1. Өрт қауіпсіздігі талаптары тұрақты сақталсын.
2. Төтенше жағдай кезіндегі эвакуация тәртібі қызметкерлердің есіне салынсын.
3. Ғимараттың қауіпсіздік жағдайы жүйелі тексерілсін.

Жалпы шешім:

Өндірістік жиналыста қаралған мәселелер бойынша жауапты қызметкерлерге тиісті тапсырмалар беріліп, олардың орындалуы меңгеруші тарапынан бақылауға алынсын.

Өндірістік кеңес төрайымы: _____ Сапарбаева Ж.М.

Хатшы: _____ Шортанова Ж,К.

«Нұр-Бала» бөбекжай-бақша» ЖШС
ӨНДІРІСТІК КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ №4 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: «4» мамыр 2026 жыл
Қатысқандар: Меңгеруші, әдіскер, медбике, шаруашылық меңгерушісі, педагогтер және балабақша қызметкерлері.

Күн тәртібінде:

1. Жедел тексеру. Еңбек қызметтерін ұйымдастыру және барлық топтардың санитариялық жағдайын бақылау.
2. Топтардағы сауықтыру-шынықтыру жұмыстарының жүргізілуін тексеру және қорытындылау.
3. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық жұмыстарын ұйымдастыру.
4. Ойын алаңдары мен балабақша аумағының қауіпсіздігін тексеру.
5. Ғимараттың санитариялық жағдайын және жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру.
6. Қызметкерлердің жазғы кезеңдегі еңбек қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық жүргізу.

1-мәселе бойынша

Тыңдалды: Меңгеруші Сапарбаева Ж.М. барлық топтардағы еңбек қызметтерінің ұйымдастырылуы мен санитариялық жағдайына жедел тексеру жүргізу қажеттігін атап өтті. Топ бөлмелерінің тазалығы, желдетілуі, ойыншықтардың реттелуі және қызметкерлердің өз міндеттерін орындауы қарастырылды.

Қаулы:

1. Топтардың санитариялық жағдайы тұрақты бақылауда болсын.
2. Анықталған кемшіліктер уақытылы жойылсын.

2-мәселе бойынша

Тыңдалды: Медбике Шушлебина Н.Н. топтарда жүргізілген сауықтыру-шынықтыру жұмыстары туралы баяндады. Таңертеңгілік жаттығу, қимылды ойындар, таза ауадағы серуен және денсаулықты нығайту шараларының маңыздылығына тоқталды.

Қаулы:

1. Сауықтыру-шынықтыру жұмыстары жүйелі жүргізілсін.
2. Балалардың денсаулық жағдайы ескеріліп, жеке ерекшеліктеріне сай жұмыстар ұйымдастырылсын.

3-мәселе бойынша

Тыңдалды: Әдіскер Карибаева А.С. жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын таныстырды. Жаз мезгілінде балалардың денсаулығын нығайту, қимылды ойындар, шығармашылық жұмыстар, танымдық іс-шаралар мен серуендерді тиімді ұйымдастыру мәселелерін қарастырды.

Қаулы:

1. Жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспары басшылыққа алынсын.

2. Балалардың демалысы мен сауықтыру шаралары мазмұнды ұйымдастырылсын.
3. Күн тәртібі мен қауіпсіздік талаптары сақталсын.

4-мәселе бойынша

Тыңдалды: Шаруашылық меңгерушісі Байтасов М. ойын алаңдары мен балабақша аумағының жағдайын тексеру туралы ақпарат берді. Ойын жабдықтарының жарамдылығы, қоршаулардың бүтіндігі, құм алаңдарының тазалығы және балаларға қауіп төндіретін заттардың болмауына назар аударды.

Қаулы:

1. Ойын алаңдары мен аумақтың қауіпсіздігі жүйелі тексерілсін.
2. Анықталған ақаулар мен кемшіліктер жойылсын.

5-мәселе бойынша

Тыңдалды: Шаруашылық меңгерушісі Байтасов М. ғимараттың санитариялық жағдайы мен жазғы жөндеу жұмыстарына дайындық туралы баяндады. Топ бөлмелерін ретке келтіру, қажетті жөндеу жұмыстарын жүргізу және құрал-жабдықтарды жаңарту мәселелері талқыланды.

Қаулы:

1. Ғимаратта қажетті жөндеу және тазалық жұмыстары ұйымдастырылсын.
2. Барлық бөлмелер жаңа оқу жылына санитариялық талаптарға сай дайындалсын.

6-мәселе бойынша

Тыңдалды: Меңгеруші Сапарбаева Ж.М. қызметкерлерге жазғы кезеңдегі еңбек қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық жүргізді. Ыстық ауа райында жұмыс істеу, күн сәулесінен қорғану, электр құралдарын қауіпсіз пайдалану және өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау қажеттігін ескертті.

Қаулы:

1. Қызметкерлер жазғы кезеңдегі еңбек қауіпсіздігі талаптарын сақтасын.
2. Қауіпсіздік бойынша нұсқаулықтар уақытылы жүргізілсін.
3. Қызметкерлердің еңбек тәртібі тұрақты бақылауда болсын.

Жалпы шешім:

Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық жұмыстары бекітілген жоспарға сәйкес жүргізілсін. Балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ғимарат пен аумақтың санитариялық жағдайын жақсарту жауапты қызметкерлерге міндеттелсін.

Өндірістік кеңес төрайымы: _____ Сапарбаева Ж.М.

Хатшы: _____ Шортанова Ж,К.